# Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2019 жылғы 13 мамырдағы № 271 және "Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2019 жылғы 25 қазандағы № 801 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 341 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 271 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына:

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"

| |
|---|
| **"Қоғамдық келісім" РММ – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі"** |

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| |
|---|
| **"Қоғамдық келісім" РММ – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі"** |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| |
|---|
| **"Қоғамдық келісім" РММ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі".** |

";

2) "Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 қазандағы № 801 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарында:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу" деген бөлімде:

"2. Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 11-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. | Шетелдік жетекші БАҚ-та Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған тапсырыспен материалдарды орналастыру | 2020 жыл бойы | БАҚ-та материалдар жариялау | СІМ | 019 "Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде | республикалық бюджет |

";

"3. Ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу іс-шаралары" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 15, 16-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | Заңнама және құқықтық ақпарат институтының базасында онлайн-форматта Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өткізу | 2020 жылғы тамыз | конференция | Әділетмині | - | талап етілмейді |
| 16. | Судьялардың, Конституциялық Кеңес мүшелерінің және құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен жоғары және жалпы орта білім беретін оқу орындарында және өзге де ұйымдарда дәрістер мен "ашық сабақтар", оның ішінде онлайн-форматта ұйымдастыру және өткізу | 2020 жыл бойы | АКДМ-ға ақпарат | БҒМ, КК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), ІІМ | - | талап етілмейді |

";

реттік нөмірі 24-жол алып тасталсын;

"4. Қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына | | концерт | МСМ, КК (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, | **033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 26. | арналған мерекелік концертті онлайн-форматта ұйымдастыру | 2020 жылғы тамыз | | Алматы және Шымкент қалаларының, әкімдіктері | **арттыру" бюджеттік бағдарламасы 105 "Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу" кіші бағдарламасы бойынша 137 177 мың теңге** | республикалық бюджет |

";

реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 28. | Нұр-Сұлтан қаласында ел басшылығының, беделді халықаралық ұйымдар, басқа елдердің конституциялық әділет органдары мен ғылыми қауым өкілдерінің қатысуымен онлайн-форматта "XXI ғасырдың Конституциясы – құқықтың үстемдігі, адамның құндылығы және мемлекеттің тиімділігі" тақырыбында халықаралық конференция өткізу | 2020 жылғы тамыз | АҚДМ-ға ақпарат | КК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), СІМ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі | **006 "Өкілдік шығыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша 33 765 мың теңге** | республикалық бюджет |

";

реттік нөмірі 29-жол алып тасталсын;

"Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу" деген бөлімде:

"1. Ұйымдық-әдістемелік іс-шаралар" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 41-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 42, 43-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 42. | Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедралары қауымдастығының кеңейтілген отырысын онлайн-форматта өткізу | 2020 жылғы II жартыжылдық | отырыс хаттамасы | БҒМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша) | - | талап етілмейді |
| 43. | Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, семинарларды оның ішінде онлайн-форматта өткізу | 2020 жыл бойы | АҚДМ-ға ақпарат | БҒМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | - | талап етілмейді |

";

"2. Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 51-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 51. | Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының дамуы туралы роликтер шығару | 2020 жылғы екінші жартыжылдық | бейнероликтер | "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), АҚДМ | 001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000 мың теңге | республикалық бюджет |

";

"3. Ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу іс-шаралары" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 54-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 54. | Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған кеңейтілген отырысын онлайн-форматта өткізу | 2020 жыл бойы | АҚДМ-ға ақпарат | "Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" ЖШС (келісу бойынша), "Қоғамдық келісім" РММ (келісім бойынша) | 001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаражат шегінде | республикалық бюджет |

";

"4. Халықаралық іс-шаралар" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 58-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 59-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 59. | Шетелде Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің қатысуымен онлайн-форматта Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған дөңгелек үстелдер сериясын, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу | 2020 жыл бойы | АҚДМ-ға ақпарат | СІМ, Қазақстан Республикасының Парламенті (келісу бойынша) | - | талап етілмейді |

";

"5. Қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 61, 62, 64-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 65-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 65. | Музейлерде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған экспозициялар мен көрмелерді онлайн-форматта ұйымдастыру | 2020 жыл бойы | АҚДМ-ға ақпарат | МСМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | - | талап етілмейді |

";

реттік нөмірі 67-жол алып тасталсын;

ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

мына "Қоғамдық келісім" РММ – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы " Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық келісім" РММ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" ЖШС" – "Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК